СЫРСАНДЫҚ

Сәкенге өмірін арнаған саңлақ

Естеліктер

Екінші кітап

Астана – 2016

дайым өзекті, қазаққа керек, айтылуы тиіс деген мәселелерді ешкімнен тайсақтамай-ақ турасынан айтып отыратын. Ол кісінің турашыл мінезін білетін журналистер де басқалардың тісі бата қоймайтын мәселелерді Тұрсекеңнен сұрап жататын.

Тұрсынбек ағай мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз еді. Әр шәкіртін мақтан тұтып, олардың ылғи да жақсы жақтарын көтере мақтап, қанаттандырып отыратын. Ағайдың лекциясын тыңдаған, жанына жақын жүрген адамдардың бәрі біз Тұсынбек ағайдың шәкіртіміз деп мақтаныш ететін. Тұрсынбек ағай бір жерге барса алдынан әрдайым бірінші болып ол кісінің шәкірттері шығатын. Кей-кейде мақтанып, «біз мына Қазақ жерін тегін аралап шыға аламыз. Қазақстанның кез келген жерінде құдайға шүкір біз тәрбиелеген жігіттер мен қыздар баршылық», – деп күліп отырушы еді. Өзі де шәкірттері үшін отқа түсуден тайынбайтын, егер керек болса осыдан пәлен жыл бұрын бітіріп кеткен шәкірті үшін кімнің болса да алдына кіріп, мәселесін оң шешіп беруге дайын тұратын. Ал бірақ өзі үшін ештеңе де сұрамайтын, басын иіп Тұрсынбек ағай біреудің қабылдауында болыпты дегенді ешкім естіген емес. Басшылар да от ауызды Тұрсекеңнен қаймығатын. Шамалары келсе ағай тапсырған істі орайын келтіріп шешуге тырысатын. Қасына жақын жүрген інілерін, шәкірттерін Тұсынбек ағай ешқашан сен мына жердікі екенсің, мына елдікі екенсің деп алаламайтын. Ондай әңгіме айтқан адамды қасына өзі де жақындата қоймайтын. Өзі тұтас қазақтың қамын, алаштың қамын ойлаған ағамыз сол күллі алаштың ақылшысы, жанашыры болумен дүниеден өтті.

Самал ДӘРІБАЙҰЛЫ

КЕҢСАЙДЫҢ ЖОЛЫ

Кеңсайдың жолы...

Иісі қазақ жүрегі қан жылап, қайғы жамылған күні қаралы көшін осы жолмен бастайды...

Алаштың алтын діңгегі болған Алматы жұрты ардақтысынан айырылған күні осы жолға түседі...

Тіршіліктегі сыбағасы сарқылған азаматын ағайын-тума ақтық сапарына осы жолмен шығарып салады... Мәңгілік мекенін Кеңсайға аударғандар енді бұл жолмен қайтпайды...

Келместің кемесіне мінген аяулы ұстазымыз Тұрсынбек ағайымызға арналған университеттегі қаралы жиыннан соң біз тағы да сол Кеңсайды бетке алып келе жатырмыз. Қой жылының қыркүйегі осылай басталды. Рухани әкеміздей болған үлкен жүректі адамнан дәл бұлай, қапыда айырылып қаламыз деп кім ойлаған. Қоңырау шалып сөйлесуді әбестік санап, үйге барсақ «үлкен кісіні әбігерге салармыз» деп жүріп, соңғы айларда сәлем беріп кіріп шыға алмаған «сыпайылығымызға» өкініп қалдық.

Ағай анатомиясынан кісәпірліктен ада жан еді-ау. Күн көсем деп дәріптеген Лениннің большевиктік өкіметі бытпылдық тигендей берекесі кетіп, сол уақыттың тынысын өз шығармасына арқау еткен қазақтың ақын-жазушысын көкпарға тартқандай қызыл кеңірдек болып жатқан тұстағы Кәкішевтің кесімді пікірлері, салиқалы сөздері қазақ әдебиетінің тарихына айбар болды. Абдырап қалған қауымға аталық сөзін әдемілеп, әспеттеп жатпай-ақ, дәлелді дәйектермен жеріне жеткізе айтты. Заманның желіне ығатын, ығай мен сығайдың ыңғайына қарап сөйлеуге бейімделіп қалған көп жұртқа ой салды. Бұл тектілік емес пе?!

Ұстаз бар саналы өмірін Сәкенге арнады. Кәкішев қаламы Сейфуллиндей алаштың ақиық ақынын аз ба, көп пе, патша көңіліңізге салып саралап көрерсіз, елу жылдан аса ардақтапты. Елу жылдан аса ақын өміріне қатысты деректі «инемен құдық қазғандай» жинапты. Елу жылдан аса ақынның әр сөзін, әр шығармасын қызғыштай қорып, шырақшысы болыпты. Әрине,

айтпақ сөздің төркіні жыл санау емес екенін өзіңіз де түсініп отырған боларсыз. Иә, ол – Жаратушы Иенің сүйген құлымның бойынан көрсем деген Адалдық деген қасиет қой. Бұл қасиетті ұғымның ағай туралы сапталған сөздің қатарына жай ғана барып тұрмасы хақ. Өзі зерттеген объектінің орбитасымен тұтасып кеткен Тұрсынбек Кәкішевтей тұлға қазақ ғылымында көп деп кім айтар? Алпысыншы жылдардың аяғында қазақтың аяулы ақыны Сәкен Сейфуллин шығармашылығына қалам тербеген ғалым пәни тіршіліктегі ақтық тынысына дейін оны аялап, ардақтап өтті. «Қызыл сұңқарлардан» басталған баянды жол қалың оқырманын «Сәкеннің сотымен» де сілкінтті. «Тар жол, тайғақ кешудің» тағдырын» талқыға салып, «Сәкен сүйген арулармен» де таныстырды. Ақын өмірінің әр сағаты, әр минуты ғалым назарынан тыс қалмағанын осыдан-ақ аңғара бергейсіз. Ақын туралы көңіл салқындап, қисынсыз пікірлер айтыла бастаған тұста «Сәкеннің шын мәнісіндегі мемлекет қайраткерлігі мен ұлтжандылығы 1922 жылдың екінші жартысынан былай қарай арынды да адуынды, қомақты да сүбелі болғанын айлап, маусымдап емес, тіпті күндеп, сағаттап жарқырата көрсетуге болады. Әсіресе, 1925 жылға дейін аралықтағы Сәкен қайраткерлігінің, азаматтығының әрбір минут-секундына дейін ел пайдасына, ең әуелі қазаққа жұмсалғандығын көреміз де қуанамыз, мақтанамыз, соны түсінбегендерге, көзге іліп алмауға тырысатындарға не деріңді білмей тосыламыз, тіпті кектенеміз» деп кесімді байлам айтқан да Тұрсынбек ағай болатын.

Ағай алаштың ардақтысы Мағжан мен Сәкеннің арасын суытып, сызат түсірген алыпқашпа пікірлерге де сөз таластырмай-ақ, «Мағжан-Сәкен» атты зерттеу еңбегімен парасатты пайым жасады. Осы еңбектің беташар сөзінде-ақ «...Не тарихтан терең тағылым алмаған, не өмірден үлгілі өнеге көрмеген кейбіреулер Сәкен, Сәбит, Тұрарды кеңес өкіметін орнатқаны үшін социализм заманының бар күнәсін арқаласын, өйткені олар ұлтын сатқан сатқындар» деп байбалам салып жүргендер де жоқ емес. Бұлар жел тұрған кезде көтерілетін тозаң, жүн-жұрқа дегенмен, әлеумет ойына ыңғайсыздық тудырып жатқаны өтірік емес. Осындайларды ар-ұятқа шақыру үшін олар хабарсыз және көпшілік жолай алмай жүрген

ауыр да кірпияз тақырыпты қолға алуға мәжбүр болып отырмын. Мәселенің парқына тереңірек үңілер болсақ, Сәкен мен Мағжанның қарым-қатынасын бақайшағына дейін ашып, дәйектей алмасақ, қаңқу сөзден еш уақытта құтылмаймыз. Оған біздің ұлттық табиғатымыз өте жақын, шын сөзден гөрі пыш-пыш өсек-аяңға мейлінше құлақ түргішпіз. Біліп сөйлеуге, дерекпен дәлелдеуге үйренгеніміз абзал» деп мәселені төтесінен қойған.

Ұстаз бұдан соң университеттегі шәкірттеріне «Мағжан-Сәкен: өнерпаздық байланыс» атты арнаулы курсты ұсынды. Бүтін бір зерттеу орталығына жүк болар ауқымды тақырыпты зерттеген ғалым бұл еңбектерін жалаулатып жарнамалап жатпай-ақ, тағы бір тың тақырыптың сүрлеу жолына түсіп кететін. Бұл ірілік емес пе?!

Ағай қазақтың салиқалы пікірін сын деген жанрдың қазынасына салып, сұлу сөзбен өрілген талғам таразысының тамыры халықтың ауыз әдебиетінен нәр алатындығын түйіндеді. Тұрсынбек Кәкішевтің осы жанрға байланысты зерттеулері қазақ әдебиетінің бастау бұлағын қай ғасырдан тарқатамыз деген дүдәмал көңілдің кібіртігін азайтқан алқалы еңбектерге айналды. «Сын сапары» салтанаты келіскен «Қыз Жібектің» көшіндегі бір-бірінен өтетін аймандай арулардың сұлулығына, арынды ақындардың айтыстағы кесек ойларына ғылыми негіздемелермен нәр берді. Сол кезде сыни көзқарасы қалыптаспаған «кіші ұлттың» бірі ретінде тастөбеңнен одырайа қарайтын орталыққа, оның идеологиясына мұндай бағыттағы зерттеулер ұнай қойды деп айта алмаспыз, әрине. Бірақ ұстаз табандылық көрсетті. Ағайдың жылдар бойғы еңбегінің нәтижесі болған «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты оқулық жоғары оқу орындарындағы тіл-әдебиеті факультеттерінде білім алған жастардың жан азығына айналды.

Ұстаздың сын жанрының сардарындай еткен елеулі еңбегіне сөз түйініміз осы болғанымен, ой түйініне әзір жетуіміз екіталай-ау. Ауыз әдебиетінен Абайға дейін аралықтағы маржан сөзді, көне дәуірдегі сүбелі ойларды, «Айқап» пен «Қазақта» жарияланған ағартушылардың парасат пайымын кейін «Жанр жайлауына» шығарып, еркін демалтты. Баяғыша байлам жасасақ, осы бір дүниелерімен-ақ ертегідегі қазына қарттардай

артына мол мұра қалдырды. Бүгінгіше пайымдасақ: өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Ағайдың өз сөзімен айтсақ: Құдая, тоба!

Ағай бұлағай заманның бұлбұлы болған жоқ. Өзінің зерттеуіне нысан еткен Сәкеннің тар жол, тайғақ кешкен өмір жолы алаштың қай ардақтысынан да айналып өтпегенін, зиялы қауымның бір-бірін «өкпеге қиса да, өлімге қимағанын» мұрағаттың шаң басқан папкаларындағы деректерді ортаға сала отырып дәлелдеді. «Дәуір дидарының» да диагнозын дәл қойды. Дәл қойып қана қойған жоқ, оны әр қазақтың ой елегінен өткізетіндей тұжырымдар ұсынды. Баймағамбет Істөлин, Шолпан Иманбаева, Саттар Ерубаев, Баубек Бұлқышевтай жұлдыздар шоғырының жарқырай түсуін тіледі. Әуезовтің өрелі ойлары, әдебиеттің бәйтерегіндей болған Ғ. Мұстафиннің мұрасы туралы жазылған құнды деректер де сөз маржанын терген оқырман қауымның көзайымына айналды. С. Мұқановтың шығармашылық лабораториясы туралы әділеттің ауылынан аттамаған азаматтық үні де әдеби сынмен сараланды. Башқұрт халқының аяулы ұлы Сайфи Құдаш қаламынан туған дүниелерді түркі жұртына ортақ рухани құндылықтар деп ортаға салды. Ішкі мәдениеті жоғары ғалымның қай кезде де сын нысанына салқынқандылықпен қарайтыны айқын байқалатын. Тәуелсіздіктен кейін Сәбит Мұқанов туралы қалыптаса бастаған алыпқашпа пікірлерге де аталы сөзін айтты... Ғалым тарих тынысының тамыршысындай терең мәліметтердің мұхитына сүңгіді. Арашашының емес, арожданның қамшысын ортаға тастады.

Сірә, хадистерде айтылатын «ғылым іздеген пендеге періште қанатын жайып тұрады екен» деген өсиет ұстаз секілді ұлағатты іс тындырған ғалымдарға айтылғаны-ақ болар. Осы өсиет аңызды ақырына дейін тыңдауға сабыр етіңіз: пайғамбарымыз дүние салғаннан соң оның өсиеттерінің келер ұрпаққа бұзылмай, дұрыс жеткізілуіне ғұламалар үлкен еңбек сіңірген дейді. Себебі, мұсылмандарды тура жолдан тайдыру үшін Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистерін бұрмалап, тіпті арасына жалған сөзқосушы дінбұзарлар да көбейеді. Сол кезде «Меккеден бір дорба боп шыққан хадис Мәдинеге жеткенше бір қап болады» деген пікірлер де қалыптасыпты.

Сондықтан дін ғұламалары оның ақ-қарасын білетін ғалымнан кейбір хадистердегі сөздердің дұрыстығына көз жеткізбек болып, бір шаһардан екінші бір шаһарға сапар шегеді екен. Сондай ғұламалардың бірі өзін не үшін іздеп келгенін түсінгенде сүйсіне отырып: «Алла Тағалам сенің ниетіңе қарай жолыңа қанша періштесінің қанатын төсеткенін білсең ғой» деп ризашылығын білдірген екен дейді. Бұл оқиғаның ғибратын ұстаздың ғылымдағы ізденісінен күні кешеге дейін көрдік десек, көбік сөздің бірі болмас. Берер дерегін мұрағат құжаттарымен қатпарлап, жазар сөзін шаң басқан папкалардағы дәйектерге жүгіндіретін ағайдың алдыңғы аға буын аманатына деген адалдығы қай аңызға да бергісіз еді ғой. Ғалым өз еңбектерін берісі қазақ пен өзбектің, әрісі орыстың, башқұрт пен татардың мұрағаттарымен сөйлетті. Ағай барған елінен қазақтың көдесіне жарар дерек іздеуді өмірінің бұлжымас қағидасына айналдырғандай еді. Баян Өлкесіне барған сапарында алыстағы ағайынның қаймағы бұзылмай отырған берекелі тірлігіне тәнті болып келгені де күні кешегідей болатын. Алысқа барса, алғаны мен бергенін, сонан қалса көргенін жыр қылатын сапаршылардай емес, ғалым сол саяхатынан да қазаққа қажет, қазақ айырылып қалған талай дүниені ойға түйіп, түгендеп қайтқаны да есте. Сол сапарында ділі мен тіліне шұбар түсірмей, дініне сызат түсірмей отырған моңғол еліндегі ағайынның көшінің атамекенге бұрылуына бетбұрыс қылар сөзін айтқан. Соңғы жылдардағы Түрік пен Мысыр елдеріне сапарлаған саяхатынан да ұрпақ ұлықтауға болар қазына жинапты. Бұл енді кісілік емес пе?

Ғалым «Кер заманның керағар ойларын» да кесіп айтты. Мағынасы мына заманның кісімсіген керенауларына ұнамай қалар деп мәймөңкелеткен жоқ. Шындықты жасытпай, жан азабы мен тән азабын қатар тартқан алаш арыстарының арманын адыра қылған сайқал саясаттың бетпердесін сыпырды. Ұстаздың 86-ның желтоқсанындағы ызғардан өз факультеттегі бір баланы да қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қанатының астына алғаны да аңызға бергісіз ақиқат. Айтуға ғана оңай. Болмаса, бұл – ел бақыты үшін басын бәйгеге тіккен азаматтың ғана қолынан келер баянды іс. Бұл мәрттік емес пе?

Пәни дүниені сырт қалдырған пендеге өзімен бірге ағайынбауыры мен дос-жараны және мына жалғанда жасаған ниет-амалы ереді, бірақ соның алдыңғы екеуі кері қайтып, марқұмға тек соңғысы ғана ілесіп барады деуші еді шариғатта. Ағаймен ілесер ізгі амалдарға Алладан дұға еткен тірілер келген жолымызбен кері қайттық.

Біз осындай асыл адамнан, ұлағатты ұстазымыздан айырылдық қой...

Кеңсайдың жолы өмірдің жалған екенін тағы бір еске түсірді...

Күніжан ӘБДІҚАЛЫҚ

РУХЫ БИІК ҰСТАЗ

Жылға жуық күндер өтіп жатса да Ағайдың дүниеден өткеніне әлі де сене алар емеспіз. Бәлкім мұны жақындарының, шәкірттерінің қимастық сезімімен ұласқан табиғи құбылыс дерміз. Десек, ең басты себеп ұстазымыздың бұ дүниедегі жарығы көпке дейін өшпей, жанып тұратын Рухы биік жандардың қатарынан көрінуі еді...

Тұрсынбек Кәкішұлы менің ғылыми жетекшім ғана емес, 20 жыл бойы арқа сүйер рухани әкем болды.

1995 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар педагогикалық институтынан Алматыдағы ЖОО оқытушыларының біліктілігін көтеру институтына 4 айлық (қыркүйек-желтоқсан) курсқа келген едім. Ол уақыттағы курс теориялық білімімді жетілдіру мақсатында, яғни өз мамандығың бойынша ЖОО-да өтетін пәндерден сабақ жүргізілетін. Сол кезде бізге С. Қирабаев, З. Ахметов, Р. Бердібаев, А. Аманжолов, М. Серғалиев сынды ғалымдар дәріс оқығанда, солардың қатарында менің болашақ ғылыми жетекшім Тұрсынбек Кәкішұлы да болды. Сөйтіп, бұл кісімен алғаш жүзбе-жүз танысудың сәті осылайша түскен еді (дәл жиырма жыл өткеннен кейін осы 7 қыркүйек күні ұстазымыз бақилық болды. Осындай да сәйкестік болады екен-ау...).

Қыркүйек айының алғашқы күнінен бастап сабақ кестесі бойынша курсқа келіп, дәріс тыңдаймыз. Кезек «Қазақ әдебиеті сынының тарихына» да келді. Тұрсынбек Кәкішұлы дәрісханаға кірген кезде бәріміз шүпірлесіп амандастық. Топтың 90 пайызы ер азаматтар болғандықтан ба, есіктен қарсы алып, қол берісіп амандасып жатыр. Әйел затынан үшеуміз, біреуі Алматы қаласынан, «жұмыстамын» деп күнде келе бермейді. Топ ішінде ең жасы кішісі де менмін. Әйтеуір не керек, топтан қалмай мен де «Сәлеметсіз бе» деп амандасып қоямын. Барлығы бұрыннан танитындай мәз болып қуанысып жатыр. Ал мен болсам ол кісіге «әбден танып алайын» дегендей бір түрлі көзқараспен қарап қоямын. Мұның да себебі жоқ емес. Соңғы курсымызда қазақ әдебиетінің арнаулы курсынан